SHARMANOV NATIONAL MEDICAL UNIVERSITY	**«Төрегелді Шарманов атындағы ұлттық медицина университеті» КеАҚ**	

БЕКІТЕМІН
«Төрегелді Шарманов атындағы ұлттық медицина университеті» КеАҚ
Басқарушы директоры
_____ Ұ. Ермеков
«24» 11 2026 ж.

Техникалық өзіндік ерекшелік

1. Жалпы мәліметтер

Қызметтің атауы: нысаналы капитал қорын (эндаумент-қорды) құру, дамыту және басқару мәселелері бойынша білім беру бағдарламасын ұйымдастыру және өткізу (бұдан әрі - Қызмет).

Тыңдаушылар саны: 2 (екі) адам (Тапсырыс беруші ұсынған тізімге сәйкес).

Оқыту көлемі: кемінде 72 академиялық сағат (бір академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут).

Формат: бейнеконференция байланыс платформасы арқылы қашықтықтан (қажет болған жағдайда жеке) оқыту. Шарт жасалған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде өнім беруші қызмет көрсету кестесін ұсынуға тиіс.

2. Бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның мақсаты - тыңдаушыларда нысаналы капитал қорын құру, оның жұмыс істеуі және дамыту қағидаттарын жүйелі түсінуді қалыптастыру, бюджеттен тыс қаражатты тарту тетіктерін игеру, сондай-ақ эндаумент-қорды басқарудың практикалық дағдыларын алу және оны Университеттің даму стратегиясына интеграциялау.

3. Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасы келесі бағыттарды қамтуы керек:

1. Эндаумент-қор қызметінің негіздері:

- нысаналы капитал қорының мақсаты, міндеттері және жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары;
- эндаумент қорларын құру мен дамытудың қазақстандық және халықаралық практикасы;
- білім беру ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі эндаумент-қордың рөлі;
- бюджеттен тыс қаражатты тарту тетіктерін дамыту.

2. Бухгалтерлік, салықтық және құқықтық негіздер:

- қордың ықтимал ұйымдық-құқықтық модельдері;
- қорды құру немесе қайта тіркеу тәртібі;

- құрылтай құжаттарына және өзге де ішкі құжаттарға қойылатын талаптар;
- бухгалтерлік және салықтық есеп негіздері;
- қайырмалдықты алудың, есепке алудың және мақсатты пайдаланудың заңды аспектілері;
- донорлармен және қор қызметінің өзге де қатысушыларымен шарттық қатынастар;
- қайырымдылық жасаушылар үшін салықтық шегерімді (супер шегерімді) ресімдеу тәртібі.

3. Қордың әкімшілік моделі және операциялық қызметі:
- қорды басқару құрылымын қалыптастыру;
- басқару органдары арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу;
- ағымдағы операциялық процестерді ұйымдастыру;
- ішкі бақылау, есеп беру және тәуекелдерді басқару;
- қордың университетпен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы.

4. Фандрайзинг және донорлармен жұмыс:
- фандрайзингілік стратегияны әзірлеу;
- жеке және заңды тұлғалардың қаражатын тарту құралдары;
- түлектермен, бизнеспен, қайырымдылық ұйымдарымен және донорлардың басқа санаттарымен жұмыс;
- әлеуетті донорлар базасын қалыптастыру;
- донорларға ұсыныстар дайындау;
- донорлармен ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнату;
- фандрайзингінің ашықтығы, есептілігі және коммуникациялық сүйемелдеу.

5. Инвестициялық стратегия:
- қордың инвестициялық стратегиясын қалыптастырудың негізгі қағидаттары;
- инвестициялау мақсаттарын, тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін және күтілетін кірісті анықтау;
- басқарушы компанияны таңдау принциптері;
- қор мен басқарушы компания арасында функциялар мен жауапкершілікті бөлу;
- қордың активтерін басқару нәтижелерін мониторингілеу және бағалау.

6. Инвестициялық кірісті пайдалану:
- инвестициялық кірісті қалыптастыру және пайдалану тетіктері;
- қаржыландыру бағыттарын анықтау;
- кірісті жұмсау туралы шешім қабылдау тәртібі;
- негізгі капиталдың сақталуын қамтамасыз ету;
- есеп беру және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау.

7. Қордың ішкі құжаттары мен саясаттарын әзірлеу (үлгілік нысандарды ұсыну және сабақтарда талдау):
- нысаналы капитал қорының жарғысы (үлгілік жоба);
- қайырымдылық бағдарламасы;
- инвестициялық декларация (стратегия);
- қайырымдылық жасаушылар үшін салықтық шегерімді (супер шегерімді) ресімдеу тәртібі;
8. Университет қызметіне эндаументті интеграциялау:
- университеттің даму стратегиясына эндаумент-қор мен фандрайзингіні қосу;
- қордың университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру;
- қорды іске қосу және одан әрі дамыту жоспарын қалыптастыру;
- университеттің ағымдағы процестеріне фандрайзингілік қызметті қосу.

4. Бағдарламаның практикалық бөлігі

Оқыту барысында Өнім беруші мыналарды қамтамасыз етуі керек:

• тыңдаушылардың жұмыс міндеттерін практикалық талдау;

• Тапсырыс берушінің эндаумент-қорының болжамды моделін талдау;

• тыңдаушылардың өз бетінше бейімделуі үшін құжаттардың, чек-парақтардың және әдістемелік материалдардың қолданбалы үлгілерін ұсыну;

• қорды құру / қайта тіркеудің бейіндік мәселелері бойынша сараптамалық кері байланыс және заңгерлік консультациялар;

• ұйымның эндаумент-қорын дамытудың жеке жобасының презентациясын дайындау кезінде тыңдаушыларды әдістемелік сүйемелдеу (бастапқы жай-күйін талдауды, алған дағдыларын енгізу жоспарын, ресурстар мен мерзімдерді бағалауды қамтитын);

• тыңдаушылар үшін жеке консультациялар өткізу.

Жеке консультациялардың саны, ұзақтығы және кестесі бағдарламамен және кестемен анықталады.

5. Өнім берушіге қойылатын талаптар

Өнім беруші:

1. Қызмет көрсету кестесін әзірлеуге және Тапсырыс берушімен келісуге.

2. Бейнеконференция байланыс платформасы арқылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге.

3. Тыңдаушыларға қосылу сілтемелерін және платформаны пайдалану туралы нұсқауларды алдын ала беруге.

4. Тыңдаушыларға оқу, әдістемелік және презентациялық материалдарды, сондай-ақ құжаттардың үлгілерін электрондық форматта ұсынуға.

5. Сабақ барысында тыңдаушылардың оқытушылармен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге.

6. Қашықтықтан оқытуды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге.

7. Тапсырыс беруші мен тыңдаушылардан алынған ақпарат пен құжаттардың құпиялылығын сақтауға.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, алынған ақпаратты Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін тыңдаушылар мыналарды игеруі **тиіс**:

• эндаумент қорды құру, оның жұмыс істеуі және дамыту принциптері туралы жүйелі түсінік алу;

• қор қызметінің негізгі құқықтық, басқарушылық, бухгалтерлік, салықтық және қаржылық мәселелерін түсіну;

• қорды құру немесе қайта тіркеу тәртібін түсіну;

• қордың әкімшілік моделін және операциялық процестерін құра білу;

• фандрайзингтің негізгі құралдарын және донорлардың әртүрлі санаттарымен жұмыс істеу ерекшеліктерін меңгеру;

• инвестициялық стратегияны әзірлеу және басқарушы компаниямен өзара іс-қимыл принциптерін түсіну;

• инвестициялық кірісті қалыптастыру және пайдалану тетіктерін түсіну;

• ұсынылған үлгілік шаблондар негізінде қордың базалық ішкі құжаттарын бейімдеу алгоритмін меңгеру;

• эндаумент-қор мен фандрайзингіні университеттің стратегиясы мен күнделікті қызметіне интеграциялау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

• өз ұйымының қызметіне эндаумент-қор моделін енгізу жобасының презентациясын дайындау және қорғау.

Қызметтерді білім беру бағдарламасының тиісті тақырыптарын, оның ішінде келесі салаларда ашу үшін қажетті тиісті білімі, кәсіби білімі және практикалық тәжірибесі бар мамандар көрсетуі тиіс:

- мақсатты капитал қорларын құру және басқару;
- фандрайзинг және донорлармен өзара әрекеттесу;
- инвестициялық басқару;
- коммерциялық емес ұйымдар мен қорлардың қызметін заңдық, салықтық және бухгалтерлік сүйемелдеу;
- ішкі құжаттар мен қор саясатын әзірлеу;
- білім беру ұйымдарын дамыту стратегиясына эндаумент-қорларды интеграциялау;
- Қазақстан Республикасындағы эндаумент-қорлар туралы нормативтік-құқықтық базаны әзірлеушілер.

6. Қорытынды материалдар

Өнім беруші Тапсырыс берушіге электрондық форматта беруі тиіс:

1. Оқу бағдарламасы.
2. Өткізілген сабақтардың күнтізбелік кестесі.

3. Қор құжаттарының үлгілік үлгілерінің пакетін қоса алғанда, презентациялық және оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы.
4. Курс тыңдаушылары дайындаған қорытынды жобалардың презентациялық материалдары.
5. Кемінде 72 академиялық сағат сабақтар мен жеке консультациялар өткізілгенін растай отырып, көрсетілген қызметтер туралы есеп.
6. Әрбір тыңдаушының оқудан өткенін растайтын құжаттар: бағдарламаның атауы мен оқу көлемі көрсетілген сертификаттар немесе куәліктер кемінде 72 академиялық сағат.

7. Қызметтерді қабылдау тәртібі:
Келесілерден кейін қызметтер көрсетілді деп саналады:

- кемінде 72 академиялық сағат бағдарламаны толық көлемде өткізгеннен кейін;
- бағдарламада көзделген жеке консультацияларды өткізгеннен кейін;
- тыңдаушылар практикалық бөлімді орындағаннан кейін;
- оқу материалдары мен үлгілік шаблондар жиынтығын бергеннен кейін;
- тыңдаушыларға оқытудан өткенін растайтын құжаттарды (сертификаттарды) бергеннен кейін;
- Тараптар көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін.

8. Қызметтердің құнына қойылатын талаптар
Қызметтердің құны толық көлемде қызмет көрсетумен байланысты Өнім берушінің барлық шығындарын қамтуы керек.
Тапсырыс беруші тарапынан қосымша шығыстар көзделмейді.

9. Қызмет көрсету орны:
Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 49а

10. Қызмет көрсету мерзімі
шарт жасалған күннен бастап 2026 жылғы 25 желтоқсанға дейін.

Келісілді:

Бақылау, құжат айналымы және мемлекеттік тілді дамыту департаментінің директоры **А. Ромазанова**

Баспасөз қызметінің басшысы **Ю. Чаус**

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және мониторингілеу бөлімінің бастығы **Л. Рахметова**

24.11.26